«Атырау облысы
Білім беру басқармасының
Құрмангазы ауданы білім
бөлімінің «Балауса» бөбекжай-
бақшасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

Коммунальное государственное
казенное предприятие
«Ясли-сад «Балауса»
отдела образования
Курмангазинского района
Управления образования
Атырауской области

060400, Құрмангазы ауылы
Ж.Нығметов көшесі, 16
тел./факс: 8 /71233/ 2 53 38
e-mail: balausa_ds @ mail.ru

060400, село Курмангазы,
улица Ж.Нигметова, 16
тел./факс: 8 /71233/ 2 53 38
e-mail: balausa_ds @ mail.ru

Шығыс №11
16.02.2026ж

ЖК «Утепбергенова Г.М.»
басшысы Г.М.Утепбергеноваға

Сіздің №15925888-ОК1 конкурстың қорытынды туралы хаттамасымен келіспейтініңіз туралы қарсы шағымыңызды ескере отырып ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 25.12.2023 № 390 бұйрығын басшылыққа ала отырып төмендегідей жауап береміз.

Осы қағиданың 158, 159 тармақтарына сәйкес конкурстық комиссия веб-портал арқылы біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтап, конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қарап, рұқсат беру кезінде **дәйексіз ақпарат** ұсынған әлеуетті өнім берушілерді анықталған жоқ. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындап, өлшемшарттарды қолданып есептеді. Есептеу барысында №390 қағиданың 8–қосымшасы тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттары бойынша әр әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін есептеп тиісті баллдарын қойды. Соның ішінде ЖК «Махмудова Б.К.» ағымдағы жылға дейінгі соңғы 7 жылдағы жұмыс тәжірибесінің болуы критерийі бұрын жасалған шарттардың көшірмелерімен, тауарларды жеткізу кезеңі көрсетіле отырып, конкурс өткізілетін өңірде аталған шарттарды орындау барысында әр ай үшін жасаған тауарларды қабылдау-беру актілерімен расталған. Әрбір 12 ай жұмыс тәжірибесі үшін 1 балл беріледі, бірақ 5 балдан аспайды. Осылайша, ЖК «Махмудова Б.К.»-ға жұмыс тәжірибесі критериі бойынша ең жоғарғы баға- 5 балл берілді. Өтінімдерді бағалау қорытындысы

бойынша ЖК «Махмудова Б.К.» және ЖК «Утепбергенова Г.М.» бірдей 8 балл жинады. №390 Қағиданың 173-тармағына сәйкес, егер екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші бірдей балл санын жинаған жағдайда, Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес "Тауар нарығындағы өткен 7 жылдағы жұмыс тәжірибесі" өлшемшарты бойынша ең көп балл жинаған конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады. Жұмыс тәжірибесі бойынша баллдар саны тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрын түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады. ЖК «Махмудова Б.К.» өтінімі ЖК «Утепбергенова Г.М.» өтінімінен бұрын түскен. Демек, конкурс жеңімпазы заңнама талаптарына қатаң сәйкес айқындалды. Сатып алу қорытындылары ЖК «Утепбергенова Г.М.» - ның құқықтарын бұзбайды, өйткені сіздің өтініміңізге ең жоғары баға берілген. Осылайша, №390 Қағидалардың 173-тармағына сәйкес жеңімпаз болып өтінімі ертерек түскен өнім беруші танылды.

Сонымен қатар, 6 қосымшаға байланысты, қолданыстағы №390 Қағидада «Тауар атауы» бағанында «тамақ тізімі» сөз тіркесін көрсетуге байланысты балл төмендету негіздері көзделмегенін атап өтеміз және нормативтік құқықтық актіде тікелей көрсетілмеген жағдайда, баллды төмендетуге құқылы емеспіз. ЖК «Б.К.Махмудова»-ның «тамақ тізімі» деп көрсетуі өнім берушіні конкурсқа қатыстырмауға негізсіз деп есептеп, Сіздің шағымыңызды қанағаттандыра алмайтынымызды қаперіңізге береміз.

«Балауса» бөбекжай-бақшасы» меңгерушісі Кисамеденова Г.К.